



Тарих қойнауына көз жүгіртсек, ғылымның сан түрлі саласында адамзат игілігі үшін аянбай тер төккен нәзік жандылардың есімдерін кездестіруге болады. Физика мен химиядан бастап, биология мен астрономияға дейінгі күрделі салаларда төңкеріс жасаған бұл есімдер бүгінгі жас ұрпақ үшін нағыз мотивация көзі. Назарларыңызға ғылым көгінде жұлдыздай жарқыраған он әйел адамның жетістігін ұсынамыз.

1. Розалинд Франклин: ДНҚ құпиясын ашқан ғалым

Кембридж түлегі, физик-химик Розалинд Франклиннің есімі молекулалық биология тарихында ерекше аталады. Ол рентгендік кристаллография әдісі арқылы ДНҚ-ның қос спиральды құрылымын дәлелдейтін атақты «51-суретті» түсірді. Бұл жаңалық заманауи генетиканың негізін қалады.

2. Каролина Гершель: Аспан денелерін бағындырған астроном

XVIII ғасырда астрономия саласында зор табысқа жеткен Каролина Гершель сегіз кометаны алғашқы болып тапқан. Ол ғылыми еңбегі үшін мемлекет тарапынан жалақы алған тұңғыш әйел ретінде тарихта қалды. Оның аспан денелерін жүйелеудегі жұмыстары бүгінгі жұлдызды карталардың іргетасы іспеттес.

3. Валентина Терешкова: Ғарышқа жол салған қазақ қызының замандасы

1963 жылы «Восток-6» кемесімен аспан өлеміне аттанған Валентина Тереш-

кова — ғарышқа ұшқан алғашқы әйел. Ол Жерді 48 рет айналып шығып, 71 сағат бойы ғарышта болды. Бұл ерлік әйел организмнің ғарыштық жағдайға бейімділігін бүкіл әлемге паш етті.

4. Мария Кюри: Радиоактивтілік заманының негізін салушы

Мария Кюри — екі түрлі бағыт бойынша (физика және химия) Нобель сыйлығын иеленген жалғыз ғалым. Полоний мен радий элементтерін ашқан ол қатерлі ісікті емдеуде қолданылатын сәулелік терапияның негізін қалады.

5. Рита Леви-Монтальчини: Нерв жүйесінің құпиясын ұққан жан

Нейробиолог Рита Леви-Монтальчини нерв жасушаларының өсу факторын (NGF) ашқаны үшін Нобель сыйлығын алды. Оның бұл жаңалығы бүгінгі медицинада, әсіресе жүйке ауруларын емдеуде шешуші рөл атқарады.

6. Джейн Гудолл: Жануарлар әлемінің жанашыры

Танзаниядағы шимпанзелердің тыныс-тіршілігін зерттеген Джейн Гудолл этология ғылымында төңкеріс жасады. Ол жануарлардың да құрал қолдана алатынын және күрделі сезімдерге ие екенін дәлелдеп, адамзаттың табиғатқа деген көзқарасын өзгертті.

7. Дороти Ходжкин: Молекулалар әлемінің сәулетшісі

Рентгенқұрылымдық талдау әдісін жетілдірген Дороти Ходжкин пенициллин, В₁₂ дәрумені мен инсулиннің молекулалық құрылымын анықтады.

Бұл медицинада маңызды дәрі-дәрмектерді жасанды жолмен өндіруге мүмкіндік берді.

8. Барбара Мак-Клинток: «Секірмелі» гендердің құпиясы

Жүгері жасушаларын зерттеу барысында Барбара Мак-Клинток гендердің қозғалмалы болатынын анықтады. Бұл жаңалық генетика саласындағы қалыптасқан қағидаларды өзгертіп, тұқымқуалаушылық механизмдерін тереңірек түсінуге жол ашты.

9. Гертруда Элайон: Жаңа буын дәрілерінің авторы

Гертруда Элайон дәрілік препараттарды жасаудың мүлдем жаңа әдісін ұсынды. Оның еңбегінің арқасында лейкемияға қарсы алғашқы тиімді ем, сондай-ақ түрлі вирустық аурулар мен иммундық жүйеге қажетті маңызды препараттар пайда болды.

10. Элис Болл: Лепраны жеңген жас дарын

Химия саласының шебері Элис Болл хаульмугр майын адам ағзасына зиянсыз егу әдісін ойлап тапты. «Болл әдісі» деп аталған бұл жаңалық лепра (алапес) ауруын емдеуде ұзақ уақыт бойы таптырмас құрал болып, мыңдаған адамның өмірін сақтап қалды.

Бетті дайындаған:
Нұрсұлтан Имашев,
Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.
Газет айына бір рет шығады
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті
Меншік иесі:
ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Жадыра Арэн
Аудармашы
Айтолқын Өмірхан
Дизайнер:
Айнұр Тлешова
Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Ө.Молдағұлова даңғылы,34 М.Арын атындағы бас ғимарат
E-mail:
zhubanovpress@mail.ru
Сайт: http://zhubanov.edu.kz
Facebook: ZhU oblystyq gazetі
Таралымы: 5000 дана

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

11 ақпан – Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні

ВЕРНЫЙ ПУТЬ К УСТОЙЧИВОМУ РАЗВИТИЮ ГОСУДАРСТВА

2-СТР

СӨЗ ӘЛЕМІНДЕГІ САРА ЖОЛ

5-БЕТ

АРАЙ НҰРАДИН: ҚАЗАҚ ӨНЕРІН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚЫМ КЕЛЕДІ

12-БЕТ



ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ – ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІС

Білім мен ғылымды өмірлік мұратқа айналдырып, отандық ғылыми кеңістікте нәтижелі еңбек етіп жүрген ғалымдардың бірі – педагог-зерттеуші, филолог, білім беру саласындағы философия докторы (PhD), филология ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі Әсел Жәкім.

☑ Национальнұй курултай



ВЕРНЫЙ ПУТЬ К УСТОЙЧИВОМУ РАЗВИТИЮ ГОСУДАРСТВА

В Кызылорде прошло итоговое заседание Национального курултая.

Участие в работе Курултая на протяжении этих двух лет стало для меня, как и для многих коллег, примером продуктивного диалога между обществом и государством. Данная площадка доказала свою эффективность: здесь велась структурированная работа, наши предложения не оставались без внимания, и мы видели, как они воплощаются в реальность.

Работа в секции «Образование и наука» длилась больше трех часов. В своем выступлении я сделала акцент на том, как система образования может и должна отвечать на глобальные стратегические вызовы времени. К сожалению, сегодня мы наблюдаем разрыв между выбором абитуриентов и реальными потребностями экономики.

Мы со стороны вуза видим, как многие выпускники выбирают экономически невостребованные для нашей страны специальности. Яркий пример – неизменная популярность переводческой профессии в эпоху, когда цифровизация и искусственный интеллект кардинально меняют эту сферу. Специально разработанные компьютерные приложения на основе ИИ уже моментально и синхронно способны переводить речь. Теперь нам нужны специалисты, у которых английский язык является сильным рабочим инструментом.

Вот поэтому критически важно наладить систему профориентации, где школы и университеты работают синхронно, а школьные профориен-

таторы владеют актуальной информацией о динамике рынка труда.

Не менее важная тема — возвращение ответственности через образование. Я предложила выстроить эту работу поэтапно: от воспитания самостоятельности в детских садах до внедрения в школах практик коллективной заботы об окружающем пространстве по образцу Японии. В университетах же наша задача заключается в том, чтобы помочь каждому студенту осознать личную миссию и найти свою роль в будущем родной страны.

И, конечно, ключевой ресурс — это наша молодежь. Поколение Z уже обладает уникальными цифровыми навыками, прагматизмом, креативностью и свободолобием. Наша общая задача — создать необходимые условия, чтобы направить энергию и талант в русло, полезное для развития личности, общества и государства в целом. Это и есть верный путь к устойчивому развитию государства.

Мои предложения нашли понимание и поддержку среди коллег по курултай, что вселяет уверенность: вместе мы сможем реализовать эти важные для страны инициативы.

Лаура КАРАБАСОВА,
член Национального курултая,
Председатель Правления-Ректор
Актыбинского регионального университета имени К. Жубанова



АКТУАЛЬНЫЕ ЗАПРОСЫ ОБЩЕСТВА

Пятый Национальный курултай продемонстрировал институциональную зрелость общественно-политического диалога в современном Казахстане. Его повестка была выстроена вокруг стратегических вы-

зовов, стоящих перед страной в условиях ускоряющихся глобальных изменений, и отразила стремление к согласованию долгосрочных целей развития с актуальными запросами общества.

Центральным событием Курултая стало выступление Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, которое носит системный и программный характер. Глава государства обозначил логику дальнейших реформ как последовательный переход от этапа трансформаций к этапу институционального закрепления достигнутых изменений. В этом контексте особый акцент был сделан на ответственности государства за качество управления и доверие граждан.

В тезисном плане Президент выделил несколько ключевых направлений. Прежде всего это необходимость диверсификации экономики и снижения сырьевой зависимости за счет развития высокотехнологичных отраслей. Далее была подчеркнута значимость человеческого капитала, образования и науки как базовых ресурсов XXI века. Отдельно прозвучала мысль о недопустимости разрыва между экономическими реформами и социальной политикой, поскольку устойчивость развития невозможна без социальной справедливости и вовлеченности граждан.

Актуальность данных предложений не вызывает сомнений. Они коррелируют как с внутренними потребностями казахстанского общества, так и с общемировыми трендами. Их реализуемость представляется высокой при условии институциональной дисциплины, межведомственной координации и опоры на экспертное знание.

Важной составляющей выступления Президента и общей тематики Курултая стала цифровизация и внедрение искусственного интеллекта. Причем ИИ рассматривается не только как технологический инструмент, но и как фактор структурных изменений экономики и социальной сферы. Его применение в государственном управлении, промышленности и социальной инфраструктуре способно повысить эффективность, прозрачность и качество жизни граждан.

Таким образом, пятый Национальный курултай зафиксировал переход Казахстана к новой фазе развития, где технологический прогресс осмысливается в единстве с философией ответственности, диалога и общественного согласия.

Дмитрий МАЦЮК
доцент АРУ имени К. Жубанова,
кандидат философских наук

☑ Үздіксіз білім

”КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ” ЖОБАСЫ: АҒА БҮЫНҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

«Күміс университет» жобасына қатарынан үш жыл бойы қатысып келемін. 2024 жылы тігін курсына қатысып, өз қолыммен көйлек тігіп кідім. Қолөнер бағыты бойынша ұйымдастырылған курстар өте мазмұнды әрі тәжірибеге бағытталды. Ұстаздарымыз әр сабақты жоғары кәсіби деңгейде өткізіп, аз уақыттың ішінде киім пішу, тігу, ма-тамен жұмыс істеу сияқты қажетті дағдыларды меңгеруімізге мүмкіндік берді.

Бұл жоба – зейнет жасындағы азаматтар үшін білім алып қана қоймай, өз қабілетін дамытуға, жаңа қырынан танылуға үлкен мүмкіндік беретін ерекше жоба деп есептеймін. Сонымен қатар жаңа орта қалыптастыруда, өзімізге ұнайтын іс тауып, өмірге деген қызығушылықты арттыруда «Күміс университет» жобасының маңызы үлкен. Мен зейнетке шыққанға дейін білім беру саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, ұстаздық қызметте, сондай-ақ балабақша меңгерушісі қызметін де атқардым. Қазіргі таңда зейнеткер, ардагер ұстазбын.



«Күміс университет» жобасының аясында көптеген замандастарым цифрлық сауаттылық, психология, қаржылық сауаттылық, ағылшын тілі сияқты өзекті бағыттар бойынша білім алып жүр. Бұл курстар зейнет жасындағы адамдардың заман талабына сай дамуына, қоғамнан шет қалмай, белсенді өмір сүруіне зор ықпал етуде.

2025 жылы жүннен жасалған аксессуарлар курсына қатысып, моншақ, сәндік әшекейлер мен түрлі әдемі бұйымдар жасауды үйрендік. Мұндай шығармашылық сабақтар адамның ой-өрісін кеңейтіп, бос уақытты пайдалы әрі қызықты өткізуге мүмкіндік береді.

Жаңа білім мен пайдалы дағдыларды игеруге, өз қабілетімізді дамытуға жағдай жасап отырғаны үшін Жұбанов университетінің басшылығы мен ұжымына алғыс білдіремін.

Жұмабике Қалиева
Ардагер ұстаз

Басты жаңалықтар



«КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ»: АҚТӨБЕДЕ 50 ЖАСТАН АСҚАН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ОҚУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Күміс университет» жобасының кезекті оқу маусымы басталды. Жоба 50 жастан асқан азаматтарға арналған және өмір бойы білім алу принципін жүзеге асыруға бағытталған.

2026 жылы «Күміс университет» жобасына 50 жастан асқан 120 тыңдаушы тіркелді. Қатысушылардың орташа жасы – 66 жас, ал жоба аясындағы ең ересек тыңдаушы 79 жаста. Бұл көрсеткіштер жобаның қоғам тарапынан жоғары сұранысқа ие екенін және егде жастағы азаматтардың білім алуға деген қызығушылығының артып келе жатқанын айқындайды.

2021 жылы «Өмір бойы оқу» тұжырымдамасы аясында іске қосылған «Күміс университет» – әлеуметтік маңызы жоғары әрі табысты жүзеге асырылып келе жатқан бірегей жоба. Жобаның негізгі мақсаты – аға буын өкілдеріне заманауи білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беру, олардың жеке дамуын қолдау және қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасау.

2026 жылғы оқу маусымында тыңдаушылар үшін қазақ тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық, қаржылық сауаттылық, құқықтық сауаттылық, тоғызқумалақ, тігін, ресурстық қолдау және үйлесімділік, шығыс биі сияқты 9 бағыт бойынша курстар ұйымдастырылады.

Оқу процесі 3 айға жуық көлемде өткізіліп, теориялық және практикалық сабақтарды, шеберлік сыныптарын, тренингтер мен интерактивті іс-шараларды қамтиды. Курстарды Жұбанов университетінің тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамы жүргізеді. Курс соңында барлық тыңдаушыларға арнайы сертификаттар табысталады.

2021 жылдан бері Жұбанов университеті базасында 350-ден астам ересек азамат тіл, цифрлық сауаттылық, спорт және шығармашылық бағыттар бойынша білім алып, өз біліктіліктерін арттырды.



Главные новости

«СЕРЕБРЯНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ»: В АКТОБЕ НАЧАЛСЯ УЧЕБНЫЙ СЕЗОН ДЛЯ ГРАЖДАН СТАРШЕ 50 ЛЕТ

В Актобинском региональном университете имени К.Жубанова стартовал новый учебный сезон проекта «Серебряный университет». Проект рассчитан на граждан старше 50 лет и направлен на реализацию принципа «обучение на протяжении всей жизни».

В 2026 году в проект «Серебряный университет» записалось 120 участников. Средний возраст участников составляет 66 лет, а самый старший слушатель – 79 лет. Эти показатели демонстрируют высокий общественный интерес к проекту и растущую мотивацию пожилых граждан к обучению.

Проект «Серебряный университет», запущенный в 2021 году в рамках концепции «Обучение на протяжении всей жизни», является социально значимой и успешно реализуемой инициативой. Основная цель проекта – предоставить старшему поколению возможность освоить современные знания и навыки, поддержать их личностное развитие и вовлеченность в общественную жизнь.



В учебном сезоне 2026 года участникам предлагаются курсы по 9 направлениям: казахский язык, английский язык, цифровая грамотность, финансовая грамотность, правовая грамотность, тоғызқумалақ, шитье, ресурсная поддержка и гармония, а также восточные танцы.

Учебный процесс длится около 3 месяцев и включает теоретические и практические занятия, мастер-классы, тренинги и интерактивные мероприятия. Занятия проводят опытные преподаватели университета. По завершении курса все слушатели получают сертификаты.



С момента запуска проекта более 350 взрослых граждан прошли обучение в университете по направлениям: язык, цифровая грамотность, спорт и творческие дисциплины, повысив свою квалификацию.

Басты жаңалықтар

ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ МЕН МИННЕСОТА УНИВЕРСИТЕТІ БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

Жұбанов университеті мен АҚШ-тың Миннесота университеті (University of Minnesota) арасындағы стратегиялық әріптестік аясында жүзеге асырылып жатқан бірлескен жоба – Халықаралық зерттеу құзыреттіліктерін дамыту орталығы өз жұмысын бастады. Бағдарламаның негізгі мақсаты – елімізде барлық деңгейдегі зерттеушілерді қамтитын және қолдайтын орнықты ғылыми экожүйе қалыптастыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметінің институционалдық негіздерін күшейту.

Курсқа қатысушылар Жұбанов университеті мен Миннесота университеті тарапынан іріктелді, бұл бағдарламаның академиялық сапасы мен мазмұнына қойылатын жоғары талаптарды көрсетеді. Курс барысында заманауи ғылыми зерттеу әдіснамасы, деректерді талдау және интерпретациялау, академиялық жазылым, Scopus және Web of Science деректер базасында индекстелетін ғылыми жарияланымдар әзірлеу, халықаралық ғылыми жобалар мен гранттық бағдарламаларға қатысу тетіктері сияқты өзекті бағыттар қамтылады.

Оқу курсы «train the trainer» («оқытушыларды оқыту») моделі негізінде ұйымдастырылған. Аталған тәсілге сәйкес бағдарлама тыңдаушылары теориялық және практикалық зерттеу дағдыларын меңгергеннен кейін еліміздегі өзге зерттеушілерге әдістемелік қолдау көрсетіп, тәлімгерлік қызмет атқаратын болады.



Главные новости

УНИВЕРСИТЕТ ЖУБАНОВА И УНИВЕРСИТЕТ МИННЕСОТЫ ЗАПУСТИЛИ СОВМЕСТНЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР

В рамках стратегического партнерства между университетом Жубанова и университетом Миннесоты (University of Minnesota, США) начал свою работу совместный проект – Центр развития международных исследовательских компетенций. Основная цель программы – формирование в стране устойчивой научной экосистемы, охватывающей и поддерживающей исследователей всех уровней, а также укрепление институциональных основ научно-исследовательской деятельности.

Участники курса были отобраны университетом Жубанова и универ-



ситетом Миннесоты, что свидетельствует о высоких требованиях к академическому качеству и содержанию программы. В рамках курса рассматриваются актуальные направления, включая современную методологию научных исследований, анализ и интерпретацию данных, академическое письмо, подготовку научных публикаций, индексированных в базах данных Scopus и Web of Science, а также механизмы участия в международных научных проектах и грантовых программах.

Образовательный курс организован по модели «train the trainer» («обучение тренеров»). В соответствии с данным подходом слушатели программы, освоив теоретические и практические исследовательские навыки, в дальнейшем будут оказывать методическую поддержку другим исследователям страны и выполнять наставнические функции.

Басты жаңалықтар



КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМА: ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖАҢА БАСТАМАЛАРЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде елімізде жүзеге асырылып жатқан Конституциялық реформалардың мәні мен мазмұнын, Мемлекет басшысы ұсынған жаңа бастамалардың институционалдық негіздерін талқылауға бағытталған дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел жұмысына университеттің басқарма мүшелері, профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметкерлер мен құрылымдық бөлім өкілдері қатысты.

Жиын барысында Конституциялық реформалардың негізгі аспектілері және қоғамдық диалогты институционаландыру тетіктері мен оларды іске асырудағы академиялық қауымдастықтың рөлі талқыланды.

Сараптамалық баяндамалар мен пікірталастар аясында қатысушылар ұсыныстарын ортаға салып, реформалардың тиімді жүзеге асырылуына ғылыми қолдау көрсетудің маңыздылығын атап өтті.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі



КОНСТИТУЦИОННАЯ РЕФОРМА: ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДИАЛОГ И НОВЫЕ ПРЕЗИДЕНТСКИЕ ИНИЦИАТИВЫ

В университете имени К. Жубанова состоялся круглый стол, посвященный обсуждению сути и содержания проводимых в стране конституционных реформ, институциональных основ новых инициатив, выдвинутых Главой государства.

В работе круглого стола приняли участие члены правления университета, профессорско-преподавательский состав, научные сотрудники и представители структурных подразделений университета.

В ходе встречи были обсуждены основные аспекты конституционных реформ и механизмы институционализации общественного диалога, а также роль академического сообщества в их реализации.

В рамках экспертных докладов и дискуссий участники поделились своими предложениями и отметили важность оказания научной поддержки для эффективной реализации реформ.

Конституция

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ОРНЫ


Қоғам өкілдері, ғылыми қауымдастық пен сарапшылардың ұсыныстары, сондай-ақ көпшілік талқылаулардың қорытындысы негізінде Конституциялық комиссия мүшелері Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын әзірлеп, құжатты жариялады.

Соңғы жылдары елімізде ғылым мен білім үнемі күн тәртібінде болды. Енді осы бағыт тек мемлекеттік саясаттың басымдықтары ретінде ғана емес, негізгі құндылықтық бағдар ретінде конституциялық деңгейде айқындалып отыр. Академиялық қауымдастық үшін бұл маңызды жаңалық.

Преамбулада мемлекет дамуының бағдарын «мәдениет және білім құндылықтарын, ғылым мен инновация жетістіктерін» тірек ету арқылы айқындау ұсынылып отыр. Мұндай тұжырым ғылым мен білімді мемлекет дамуының іргетасы ретінде бекітіп, ұзақмерзімді саясаттың құндылықтық шекарасын нақтылайды. Яғни, адам капиталына инвестиция, зерттеу мен инновацияны жүйелі қолдау, білім сапасын арттыру сияқты шешімдер Ата заңда белгіленетін стратегиялық бағдармен үйлесетін мемлекеттік міндетке айналды.

Бұл, өз кезегінде, білім мен ғылымға қатысты реформалардың үздіксіздігін қамтамасыз етуге және мемлекеттік институттардың есептілігі мен өлшенетін нәтижелерге бағдарлануына құқықтық негіз береді.

Лаура Қарабасова,
Zhubanov university ректоры
Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі



Студент шығармашылығы

Қашан да халқым үшін сыр ақтарам

Қайсарлық

Жан барда жүрек жарды жыр ақтарам,
Өлеңді өгейсітіп жылатпағам.
Жырыммен долы жерге қарсы тұрдым,
Қыз түгіл, құздың өзін шыдатпаған.
Қара өлең құдіреті-көк аспан мен,
Қыранның қанаты да қуат маған.
Шабьт іздеп, шарқ ұрып, жабыққанда,
Қол бұлғайт жырақ таман, бұлақ маған.
Арғымақтың жалына жармасқанда,
Асау жыр қолдап мені құлатпаған,
Қарлығаштай болсам да қайыспаймын,
Адуынды азуға шыдап бағам.
Диірменнен бүтін шыққан бидайдай боп,
Оқшаулықты от жаным ұнатпаған.
Қазақтың қайсар қызы атанғасын,
Қашан да халқым үшін сыр ақтарам.
Ақ алмастай болсам да майыспаймын,
Қобыланды қанжарындай сияқтанам.
Кезім жоқ болдым деген, толдым деген,
Көңілім тоят тауып тұрақтаған.
Қажет десең, сәл сәт пен секундта да,
Ізденуге сан мыңдап сұрақ табам.
Тағдырдың тарау-тарау тармағымен,
Ұлы өмірдің мектебі, сынақ маған.



Арай Нұрадин
«Екі шет тілі мұғалімі»
білім беру бағдарламасының
1 курс студенті

Қыз

Жастық шақта ұлы күн,
Жоқ еді ешбір құрығым.
Жол болмай қалса, жарайды,
Жоғалмас жігер, тынымым.

Ұстап жүруге ұмтылған,
Айтыстың майлы жілігін.
Аяулы ақын қызың ем,
Ұғып жүрмін баба ілімін.

Бойда бар тәлім, білімім,
Ұлтжанды қайсар, сірімім.
Фарица апамның жырымын,
*Ақ қанат арман гүлінің
Пәктіктің аппақ пірімін*.

Қазағым барда ірімін,
Қара өлең барда тірімін.
Бөрі мінезді, текті ел,
Қазақ қызының бірімін.



Бетперге

Тағдырдың тосынсыйларын
Балалық кезде біліп пе ем?!
Жақсыны жаман тиғанын
Көргенде алғаш үріккен.

Абайлап, аз-маз ұққаным,
Достықтың дәмін іріткен.
Аямайтындар жыққанын,
Айырмасы аз сүліктен.

Достықты желеу ұран қып,
Күнкөріс үшін біріккен.
Қырандық емес, ылаңдық,
Бас пайда табу бүліктен.

Таза көңілдің табанын,
Лас жүрістер іріткен.
Жақсы мен жаман арасы,
Бұлыңғыр тұрды күдіктен.

Тілім менің

Тілім менің!
Жасай бер пәк даламда
Сен барда-мен бақ табам,
мақтанам да
Алтын күннің бағасыз белгісі
деп,
Айтып кетті, Мағжандай
қарт бабам да.

“Құдіреттім!”
Сыйыңды тарт маған да
Тарих сырын шертемін, ақта-
рам да
Әлі есімде, “Елім-Айлап” жауға
шапты
Баһадүр бабаларым “Ақта-
банда”

Бабаларым!
Аманат арт маған да.
Не үшін жүрем, тегіме тарт-
пағанда
“Тіл жоғалса, ұлт құрид” де-
геніңіз
Саясатқа со кезде жақпаған
ба?!

Тарих куә-тіл үшін мәрт ба-
лаң да
Желтоқсанның алауын
жақты алаңла
Ұлы Дала!
Жасайды қазақ тілі.
Саған аян айтқаным, хақ
маған да!



Студенттік өмір

АРАЙ НҰРАДИН: ҚАЗАҚ ӨНЕРІН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚЫМ КЕЛЕДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Екі шет тілі мұғалімі» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті Арай Нұрадин – өнер мен білімді қатар ұштастырып жүрген дарынды жастардың бірі. Ол айтыс өнері мен дәстүрлі ән саласында облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауларда бірнеше мәрте бас жүлде, гран-при иеленген жас талант.

Атап айтқанда, Арай Нұрадин республикалық және облыстық «Жыр алыбы – Жамбыл», «Тәуелсіздік тірегім», «Қола домбыра» айтыстарында топ жарып, Алматы қаласында өткен республикалық студенттер айтысында бас жүлдені жеңіп алды. Сонымен қатар Түркістанда өткен республикалық «Түркінің төрі – Түркістан» айтысында жүлделі орын иеленіп, өнерсүйер қауымның жоғары бағасына ие болды.

Айтыспен қатар дәстүрлі ән жанрында да Арай Нұрадин халықаралық және республикалық байқауларда гран-при мен жүлделі орындарды қанжығасына байлап, қазақтың дәстүрлі өнерін дәріптеп келеді.

Төмендегі сұхбатта біз жас өнерпазбен мамандық таңдауы, айтыс өнеріне келу жолы, өнер мен білімді қатар алып жүрудің жауапкершілігі және болашаққа деген мақсат-мұраты жайында әңгімелескен едік.

Арай, сіз шығармашылық адамысыз. Соған қарамастан таңдаған мамандығыңыз – ағылшын тілі. Бұл шешімге не себеп болды?

Адам өміріндегі ең жауапты шешім – мамандық таңдау. Мен үшін өнер – жан тыныштығы мен рухани қуаттың көзі. Дегенмен оны кәсіби бағыт ретінде таңдауға дайын болмадым. Қоғамда өнер саласының қыз балаға ауыр екені жайлы пікірлер де ойландырды. Ал ағылшын тілі – бала күнгі арманым. Шет тілдерін меңгеруге деген қызығушылығым жоғары. Қазіргі заманда ағылшын тілінің маңызы артып келеді. Сондықтан осы саланы терең игеріп, кәсіби тұрғыда мықты маман болғым келеді. Мүмкіндік болса, қазақ өнерін әлемге танытсам деймін.

Айтысқа қалай келдіңіз?

Айтыс – жүрегіме ең жақын өнер. Кішкентайымнан өлең жазып, ұйқас құрастыра бастадым. Бесінші сыныпта әдебиет пәнінің мұғалімі Нұрболат Даутов мені байқап, айтысқа шақырды. Алғашқы республикалық айтыста жеңіліп қалдым. Сол сәт намысымды қайрап, келесі жолы жеңіске жетемін деп өзіме серт бердім. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде келесі республикалық айтыста бас жүлдені иеленіп, Аманжол Әлтаевтың жоғары бағасына ие болдым. Осылайша айтыс өнеріндегі жолым басталды. Ұстазыма алғысым шексіз.

Мен үшін ерекше таңқаларлық жағдай —көпшілік адамның алғашқы кітабын жеңіп әрі қарапайым шығармалардан бастауы болса, менің алғашқы оқыған кітабым бесінші сыныпта Илияс Есенберлиннің «Алтын орда» атты тарихи-эпикалық туындысы болды. Бұл еңбек күрделі құрылымы мен терең мазмұнымен ерекшеленеді, алайда мен осы кітап арқылы тарихи білімімді тереңдетіп, әдеби тілге деген түсінігімді

кеңейттім. Нәтижесінде, айтыс өнерінде сөз байлығым мен көркемдік қабілетім ерекше көзге түсе бастады. Осылай айтыс өнері өзіне тарта бастады.

Айтыспен қатар дәстүрлі ән саласында да халықаралық және республикалық байқауларда жоғары жетістіктерге жетіп жүрсіз. Бұл екі өнер саласын қатар алып жүру сіз үшін қаншалықты маңызды?

Айтыс пен дәстүрлі ән – бір-бірін толықтыратын өнер салалары. Айтыс – ойдың, тапқырлықтың өнері болса, дәстүрлі ән – жүректің, сезімнің үні. Екеуін қатар алып жүру мен үшін өте маңызды, себебі бұл менің шығармашылық болмысымды толық ашады. Бірі мені шыңдайды, бірі мені тынықтырады.

Сахнада ән орындау мен айтысқа шығудың айырмашылығы неде? Қайсысында жауапкершілік салмағы ауыр деп ойлайсыз?

Ән айту барысында орындаушы дайын дүниені өзінің шеберлігі мен ішкі сезімі арқылы көрерменге жеткізсе, айтыста әрбір секунд - нағыз сын сәт. Айтыс - тірі өнер, онда қателесуге де, ойлануға да артық уақыт берілмейді. Сахна үстінде қобалжуға болмайды: алдында - мыңдаған көрермен, жаныңда - қарсылас, ал кері шегінер жол мүлде жоқ.

Кей сәттерде қарсыласың көптің көзінше күлкіге қалдыруы мүмкін. Ондайда табан астында тапқыр жауап тауып, өз орныңды сақтап қана қоймай, жағдайды өз пайдаңа бұра білу қажет. Бұл — екі айтыскердің көрерменнің ықыласы мен көңілі үшін үздіксіз тартысқа түсуі іспетті.

Айтыс — тоқтаусыз ізденісті, ой ұшқырлығын, терең білімді әрі суырыпсалмалықты талап ететін аса ауыр өнер. Сондықтан жауапкершілік тұрғысынан алғанда, айтысты әлдеқайда күрделі әрі салмақты



деп бағалаймын. Нағыз мықты айтыскер болу - кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін, екінің бірі бағындыра алмас биік шыңмен тең.

Студент бола жүріп, ірі айтыстар мен байқауларға қатысу қаншалықты қиын? Уақытыңызды қалай тиімді жоспарлайсыз?

Әрине, бұл жол оңай емес. Кей сәттерде уақыттың да, күш-қуаттың да жетпей қалатыны жасырын емес. Алайда мақсат айқын болған жерде кез келген кедергіні еңсеруге болады. Мен уақытымды алдын ала жоспарлап, әр істің өз реті мен өз уақыты болуына ерекше мән беремін. Университеттегі оқу міндеттерін орындап болған соң, бар назарым мен уақытымды кітапқа арналады. Ал айтыс алдын ала жоспарланған жағдайда, дайындық деңгейім де екі есе күшейеді, себебі бұл өнер үстірт дайындықты көтермейді.

Білім мен өнерді қатар алып жүру - мен үшін жай ғана таңдау емес, өзіме қойған ішкі талап, өмірлік ұстаным. Осы екі саланың тепе-теңдігін сақтау арқылы ғана тұлғалық дамуға, рухани кемелденуге қол жеткізуге болады деп есептеймін.

Шығармашылық жолыңызда сізге қандай қолдаулар көрсетіліп келеді?

Ең үлкен қолдау— ата-анам мен ұстаздарымнан. Олар менің бойымдағы қабілетті ерте аңғарып қана қоймай, оған сенім артып, әр қадамымда рухани әрі адамдық тұрғыда қолдау көрсеткен тұлғалар. Егер болашақта өнер жолында есімі ел жадында сақталатын, өзіндік ізі бар тұлға деңгейіне жете алсам, бұл жетістіктің түбі солардың маған сіңірген еңбегі мен шексіз сенімінде деп білемін. Сонымен бірге, өнер әлеміндегі аға буын мен апаларымның ақылы, бағыт-бағдары, ақ батасы мен үшін рухани капитал секілді.

Ал халықтың ыстық ықыласы — мені осы жолда тоқтатпайтын, қайта жігерлендіретін қуатты күш. «Сіздің айтысыңызды кітапқа арналады», «Алдыңғы айтыста өнеріңізге төңті болдық» деген адалдығымды одан әрі ықыласқа толы лебіздері менің ішкі әлемімде ерекше жауапкершілік сезімін оятап, өнерге деген адалдығымды одан әрі бекіте түседі. Осындай сәттерде мен үшін өнер - тек сахналық әрекет емес, халықпен рухани байланыс орнататын, тағдырыммен біте қайнасқан өмірлік миссияға айналады.

Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз. Сұхбаттасқан: Жадыра Арен

Ғалым мінбері

Сөз әлеміндегі сара жол

11 ақпан – Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні қарсаңында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Бағила Құрманбекқызымен сұхбаттастық.

Бағила Құрманбекқызының ғылыми-педагогикалық жолы – табандылық пен кәсібилікке толы үлкен мектеп. Ол Жұбанов университетінде 33 жыл үзіліссіз еңбек етіп келеді. Ғалым 120-дан астам ғылыми және әдістемелік оқулықтардың, оның ішінде 2 монография, 3 оқу құралы және соңғы бес жылда жарияланған 3 Scopus мақаласының авторы.

Ғалыммен болған ашық әңгіме сөз өнері, халықаралық жобалар мен ғылымдағы әйел болмысы төңірегінде өрбіді.



Филология – жай мамандық емес, жауапкершілік

Бағила Құрманбекқызы үшін филология саласы – кездейсоқ таңдау емес. Көпбалалы отбасында өсіп, аға-апаларының кітапқа деген құштарлығын көріп өскен ол, сөздің құдіретін ерте сезінген.

«Филолог болу — сөздің құдіретіне, оның мәні мен мағынасына терең бойлау. Біздің ұрпақ жаңа технологияға сүйеніп өскен жоқ, біз оқып, салыстырып, бәрін өз көзімізбен танып өстік», — дейді ғалым.

Оның пайымдауынша, қазақ халқының бүкіл тарихы мен дүниетанымы сөзде сақталған. Сондықтан қайта мамандық таңдау мүмкіндігі берілсе де, ол бәрібір осы жолды таңдайтынын сеніммен айтады.



«Болашақ» және Польша тәжірибесі

Бағила Құрманбекқызының өмір жолындағы маңызды кезеңдердің бірі – «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында Польшада білім алуы. Адам Мицкевич атындағы университетте түркология бағыты бойынша тағылымдамдан өтуі оның ғылыми ізденісіне тың серпін берді.

Осы кезеңде ол еуропалық ғылыми мектептің тәжірибесін меңгеріп, латын графикасының ерекшеліктерін терең зерделеді. Дегенмен, бұл кез Бағила Құрманбекқызы үшін ауыр сынақпен де қатар келді. Польшадан оралған соң өмірлік серігі, белгілі филолог Серік Жұбандықұлы дүниеден озды. Бұл қайғы ғалымның ерік-жігерін жасытпай, керісінше, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге, балаларын өсіріп, ғылымда жаңа белестерді бағындыруға бағытталды.



Ғалымның жетекшілігімен жарық көрген «Қазақ-түрік тілдерінің салыстырмалы сөздігі» бүгінде Түркияның бірнеше жоғары оқу орнында (Маниса Желал Байяр, Памуккале және Анкара Хажы Байрам Вели университеттері) оқу үдерісіне енгізілген. Сонымен қатар, ол Өзбекстандағы Әлішер Науаи атындағы университетпен бірлесіп, жалпы түркі тілдерінің грамматикалық анықтағышы мен Орта Азия ақын-жыраулары мұрасын цифрлық форматта зерттеуге арналған халықаралық жобаларды жүзеге асырды.

Сондай-ақ латын графикасына көшу үдерісіне байланысты Бағила Құрманбекқызы «Қазақ әдеби тілінің тарихы: Белсенді хрестоматия» атты электронды оқу құралын әзірледі. Бұл еңбек студенттерге көне мәтіндерді латын және кирилл графикасында салыстыра отырып, тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Ғалымның айтуынша, ғылым теориямен шектелмей, нақты мәтіндік (текстологиялық) талдауға сүйенуі тиіс.



Ғылымдағы әйел – төзім мен парасаттың символы

Сұхбат барысында ғалым ғылымдағы әйелдердің рөліне де тоқталды. Оның айтуынша, ғылым – табандылық пен үздіксіз ізденісті талап ететін жол.

«Ғалым болудың дайын формуласы жоқ. Бұл – тиянақтылықты, табандылықты және үздіксіз ізденісті талап етеді. Қыз бала үшін ғылым — үлкен жауапкершілік, өйткені ол отбасының ұйытқысы. Ғылымда ең бастысы – өмір мен зерттеу арасындағы тепе-теңдікті сақтау», — дейді ол.

Бүгінде Бағила Құрманбекқызы жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп, талапты студенттерге қолдау көрсетіп келеді. Оның «Орхун» гранты аясындағы жаңа жобалары түркі дүниесінің рухани бірлігін нығайтуға бағытталған.

Нұрсұлтан ИМАШЕВ
Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

☑ **Ғылымға аяқталған жолың**

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ – ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІС



Ғылымға деген қызығушылығың қашан және қалай қалыптасты? Өміріңде ғылым жолын таңдауыңа әсер еткен шешуші кезеңді атап өтсеңіз.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді ғой дана халқымыз. Ғылымға деген қызығушылық отбасынан бастауын алды ғой деп ойлаймын. Бұл, ең алдымен, отбасылық тәрбие мен білімге деген құрметке байланысты болар. Ұстаздар отбасында дүниеге келгендіктен, оқу-білім, ғылыми ізденіс мәселелері жиі сөз болатын. Ата-анамның студенттік кезеңі мен сол жылдардағы көрнекті ғалымдар туралы әңгімелері менің таным көкжиегімді кеңейтіп, ғылымға деген қызығушылығымды арттыра түсті. Мектеп жылдарында ғылыми ортаға жақын болу мүмкіндігі туды: кітапханаларға жиі бардым, ғылыми іс-шараларға күй болдым. Сол кезеңде болашақ кәсіби бағытымды айқындап, ғалым әрі оқытушы болуды армандадым, мақсат еттім. Кейін ғылыми дәрежеге қол жеткізіп, жоғары оқу орнында педагогикалық қызмет атқардым. Уақыт өте келе ғылыми қызығушылығым білім беру саласына қарай тереңдей түсті. Өз кәсіби дамуымның келесі кезеңі ретінде халықаралық тәжірибе жинақтауға қажеттілігін сезіндім. Бұл шешім мені «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында шетелдік университеттің докторантурасына түсуге жетеледі.

Ғылым саласында еңбек етіп жүрген әйел ретінде қандай қиындықтар мен мүмкіндіктерді байқадыңыз?

Ғылымда жүрген нәзік жандыларға отбасы тарапынан қолдау қажет дер едім. Неге десеңіз, зерттеумен айналысу – ұзақ мерзімді ізденісті, сабыр мен табандылықты талап етеді. Бұл жолда жақын жандардың жанды жадыратар жылы сөзі, түсіндірісі мен қолдауы әйел затын жігерлендіреді, қанаттандырады. Мұндай қолдау нәзік жандылардың өзіне деген

Әсел Жәкім педагог-зерттеуші, филолог, білім беру саласындағы философия докторы (PhD), филология ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» бағдарламасының түлегі.

Ғылымның кәсіби қалыптасу жолы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі студенттік кезеңнен бастау алып, халықаралық ғылыми ортада жалғасын тапты.

Ғылымға ерте араласқан ол студенттік жылдарынан бастап ғылыми басылымдарда мақалалар жариялап, халықаралық конференцияларға белсенді қатысты. Қазақ балалар поэзиясы мен көрнекті қаламгер Мұзафар Әлімбаев шығармашылығына арналған кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атанды. Ал «Болашақ» бағдарламасы аясында Ұлыбританияның Абердин университетінде докторантура тәмамдап, білім беру саласындағы PhD ғылыми дәрежесін иеленуі оның ғылыми жолындағы маңызды белеске айналды.

Бүгінде Әсел Жәкім Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде аға оқытушы қызметін атқарып, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру, педагогтардың кәсіби дамуы, ғылыми-зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру бағытында еңбек етіп келеді. Ғылымның өмірлік және кәсіби ұстанымы Абай Құнанбайұлының ғылым мен ұстаздыққа қатысты тағылымды ойларымен сабақтасып, білім алушыларды үздіксіз ізденіске, дербестікке және өзін-өзі дамытуға жетелеуді басты мақсат етеді.

Төмендегі сұхбатта Әсел Жәкім өзінің ғылымға келу жолы, халықаралық тәжірибеден түйген тағылымы, қазіргі білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты көзқарастарымен бөліседі.

сенімін нығайтып, кәсіби әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Халқымыз «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді», - дейді. Бұл нақыл сөз әйел затының қоғамдағы рөлін айқын суреттейді. Әйел табиғатынан нәзік болғанымен, отбасы, кәсіби қызмет және қоғамдық өмір сияқты бірнеше әлеуметтік рөлді қатар алып жүре алатын жауапкершілік иесі. Университетімізде ғылыми зерттеулерді, ұстаздық қызметті және басқа да әлеуметтік рөлдерді ұтымды үйлестіріп, ұштастырып, жастар үшін кәсіби бағдар мен мотивацияның сарқылмас көзі болып отырған мықты-мықты ғалымдар шоғыры жиналған. Сондай ортада білім алып, ғылымға машықтанып отырған біздің білім алушылар бақытты ғой деп ойлаймын. Мысалы, білім ордасының тұтқасын ұстап отырған Лаура Чапайқызынан бастап, университетіміздегі нәзік жанды әріптестеріміздің жүріп өткен еңбек, ғылым, ізденіс жолдары ғылымға деген адалдықтың, үздіксіз ізденіс пен жоғары жауапкершіліктің жарқын дәлелі дер едім. Осы ретте мен өзімнің кәсіби қалыптасуымда ерекше ықпал етіп, үздіксіз қолдау көрсетіп келе жатқан жақын жандарымның рөлін ерекше атап өткім келеді. Ата-аналарымыздың, отбасымыздың, жақындарымыздың маған деген қолдауы кәсіби және тұлғалық дамуымдағы басты тірек десем, артық айтқаным емес. Сол үшін де менің ол кісілерге деген алғысым шексіз...

Ал мүмкіндіктер деген мәселеге тоқтасақ, мемлекетіміз бүгінде ғылымның дамуына ерекше жағдай жасап, көңіл бөліп отыр. Мемлекет тарапынан қолдау, әртүрлі деңгейдегі ғылымды дамытуға бағытталған гранттық жобалар, ғылыми тағылымдамалар мен стипендиялар, тағысын тағы ғалымдарға көптеген мүмкіндіктер сыйлайды. Ғылыммен айналысамын, ғалым боламын деген тұлғаға елімізде жағдай жасалған, тек қана білуге, үйренуге деген шынайы талпыныс, та-

лап, табандылық қажет. Абай атамның «Ғалым болмай немене, балалықты қысаңыз... Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеніз» деген тағылымды сөзі ғылым жолының табандылық пен саналы тандауды талап ететінін айқын көрсетеді. Сондықтан алға нақты мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында бар ынта-ықылас пен талап-жігерді жұмылдыра отырып, үздіксіз талпыну қажет деп ойлаймын.

«Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында жинақтаған шетелдік ғылыми тәжірибе Сіздің кәсіби көзқарасыңызға қандай өзгеріс әкелді?

«Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында жинақтаған ғылыми тәжірибе мен білім-білік менің кәсіби көзқарасымға елеулі әрі сапалық өзгерістер әкелді деген пікірдемін. Ең алдымен, білім беру мен ғылымды ұйымдастырудағы жүйелілік, дәлелділікке негізделген тәсілдер мен нәтижеге бағытталған академиялық мәдениет кәсіби ойлауымның басты бағдарына айналды. Шетелдік ғылыми ортада зерттеудің әдіснамалық анықтығына, академиялық адалдыққа және пәнаралық өзара ықпалдастыққа ерекше мән берілуі кәсіби жауапкершілігімді арттырды. Сондай-ақ, халықаралық тәжірибе дербестікті, сыни ойлауды және өмір бойы білім алу құндылықтарын дамытуға бағытталған педагогикалық философияны терең зерделеуге мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе білім алу үдерісінде оқытушының рөлін тек білім беруші емес, зерттеуші, фасилитатор және серіктес ретінде қайта пайымдауға ықпал етті. Заманауи білім беру технологиялары мен инновациялық әдістерді тиімді қолдану қажеттігін кәсіби ұстанымның ажырамас бөлігіне айналдырдым деп ойлаймын.

Ұлыбританиядағы докторантура кезеңінен алған ең құнды ғылыми әрі тұлғалық тәжірибеңіз қандай болды?

Бұл ойландыратын сұрақ екен. Докторантураға түсерде әдетте үміткерлер өзі

☑ **Басты жаңалықтар**

ЖАСЫЛ КАМПУС: ӨНДЕЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР КӨРМЕСІ

Университет жастар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен қоғам игілігі үшін қызмет ететін саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызды әлеуметтік институт ретінде өз миссиясын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Таза Қазақстан – әдемі ұран да, науқан да емес, бұл – күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Тазалық тәртіпті күшейтеді, ал тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы маңызды тұжырымды ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Біз сонда ғана нағыз еркінетті және ілгері қадам басушы озық ел боламыз», - деп атап өткен болатын. Бұл тұжырым қазіргі таңда білім беру ұйымдарының тәрбиелік қызметіндегі басым бағыттардың біріне айналып отыр.

Осы бағытта университетте «Жасыл кампус» бастамасы аясында пайдаланылған қалдық материалдардан жасалған суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Көрме барысында студенттер әлемге танымал суретшілердің әйгілі картиналарын қайта өңделген қалдық материалдар арқылы жаңаша форматта ұсынды.

Іс-шараның негізгі мақсаты - жасыл кампус құру, жастар арасында «Таза Қазақстан» идеологиясын кеңінен насихаттау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қалдықтарды қайта пайдалану мен сұрыптаудың маңызын түсіндіру. Көрме жастарды қоршаған ортаны таза ұстауға, қорғауға, табиғатқа ұқыпты қарауға және тұрақты даму қағидаттарын күнделікті өмірде қолдануға үндейді.



ЗЕЛЕНЬЙ КАМПУС: ВЫСТАВКА ПЕРЕРАБОТАННЫХ ОТХОДОВ

GREEN CAMPUS: EXHIBITION OF RECYCLED WASTE

Университет систематически реализует свою миссию как важный социальный институт среди молодежи в популяризации национальных ценностей и воспитании сознательного поколения, служащего на благо общества.

В своем выступлении на Национальном курултае Глава государства Касым-Жомарт Токаев сказал: «Чистый Казахстан — это не красивый лозунг или кампания, это результат ежедневного упорного труда. Чистота укрепляет дисциплину, а дисциплина повышает ответственность. Очень важно привить это важное понятие в умах поколения. Только тогда мы станем по-настоящему цивилизованной и прогрессивной страной».

В настоящее время это понятие становится одним из приоритетных направлений в образовательной деятельности учебных заведений.

В этом направлении в университете в рамках инициативы «Зеленый кампус» была организована выставка картин, созданных из отходов. В ходе выставки студенты представили работы всемирно известных художников в новом формате, с применением переработанных материалов.

Главная цель мероприятия — создание «зеленого кампуса», популяризация идеологии «Таза Қазақстан» («Чистый Казахстан») среди молодежи, формирование экологической культуры, а также разъяснение важности переработки и сортировки отходов. Выставка побуждает молодежь беречь окружающую среду, защищать ее, заботиться о природе и применять принципы устойчивого развития в повседневной жизни.

The university consistently fulfills its mission as an important social institution by promoting national values among young people and fostering a conscious generation committed to serving society.

In his address at the National Kurultai, President Kassym-Jomart Tokayev stated:

«Clean Kazakhstan is not a slogan or a campaign; it is the result of daily hard work. Cleanliness strengthens discipline, and discipline builds responsibility. It is essential to instill this value in the minds of the younger generation. Only then can we become a truly civilized and progressive nation.»

Today, this concept has become one of the priority areas in the educational activities of academic institutions.

As part of the Green Campus initiative, the university organized an exhibition of artworks created from recycled waste. During the exhibition, students presented works inspired by world-renowned artists in a new format, using recycled materials.

The main goal of the event is to promote the idea of a “green campus,” popularize the «Таза Қазақстан» («Clean Kazakhstan») ideology among young people, foster environmental awareness, and highlight the importance of waste sorting and recycling. The exhibition encourages students to protect the environment, care for nature, and apply principles of sustainable development in their daily lives.

Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі

Басты жаңалықтар Главные новости

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН: «ТОПЫРАҚТЫҢ АЛТЫ ДЮЙМІ» АТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ КӨРСЕТІЛДІ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы аясында ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде оқу орнының ұйымдастыруымен «Топырақтың алты дюймі» атты экологиялық деректі фильмнің көрсетілімі өтті.

Көрсетілімге Ұлыбританияның Астанадағы Елшілігінің климат және көгалдандыру бөлімінің басшысы Кирри Хендриксен қатысты.

Шараның мақсаты – жастардың экологиялық мәдениетін арттыру, табиғатқа жауапкершілікпен қарау құндылықтарын қалыптастыру, жер ресурстарын ұқыпты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын насихаттау.

Шараға 200-ге жуық студент пен оқытушы қатысты.



Фильмде топырақты қалпына келтіру, адам денсаулығын жақсарту және жергілікті қауымдастықтарды қолдау жолындағы тәжірибелер көрсетілді.

Көрсетілімнен кейін сарапшылар мен қатысушылар арасында панелдік пікір алмасу ұйымдастырылып, экологиялық тақырыптағы өзекті мәселелер талқыланды. Студенттер мұндай іс-шаралардың экологиялық сана қалыптастыруға, азаматтық белсенділікті арттыруға және тұрақты даму қағидаттарын насихаттауға үлкен үлес қосатынын атап өтті.

«Бұл іс-шара студент жастардың экологиялық санасын қалыптастыруға және табиғатқа жауапкершілікпен қарау мәдениетін дамытуға бағытталған маңызды қадам болды. Осындай тағылымды кездесулер жастардың азаматтық белсенділігін арттырып, тұрақты даму құндылықтарын насихаттауға үлкен үлес қосады», – деп атап өтті ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректоры Дастан Хусаинов.

Іс-шараға қатысқан 4-курс студенті Көптілеуова Ақбота да өз пікірімен бөлісті.

«Бұл іс-шара мен үшін өте әсерлі әрі танымдық болды. Табиғатқа жауапкершілікпен қараудың маңызын тереңірек түсіндім. Мұндай кездесулер жастардың экологиялық санасын арттыруға ықпал етеді», – деді ол.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН: ПРОШЕЛ ПОКАЗ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ДОКУМЕНТАЛЬНОГО ФИЛЬМА «ТОПЫРАҚТЫҢ АЛТЫ ДЮЙМІ»

В рамках общенациональной программы «Таза Қазақстан» в Актыобинском региональном университете имени К. Жубанова, по инициативе университета, состоялся показ документального фильма «Топырақтың алты дюймі».

На показе присутствовал руководитель отдела климата и озеленения Посольства Великобритании в Астане Кирри Хендриксен.

Цель мероприятия — повышение экологической культуры молодежи, формирование ценностей ответственного отношения к природе, популяризация бережного использования земельных ресурсов и важности охраны окружающей среды.

В мероприятии приняли участие около 200 студентов и преподавателей.

Фильм демонстрирует практики по восста-



гического сознания, развитие гражданской активности и популяризацию принципов устойчивого развития.

«Данное мероприятие стало важным шагом в формировании экологического сознания студенческой молодежи и развитии культуры ответственного отношения к природе. Подобные встречи способствуют повышению гражданской активности молодежи и продвижению ценностей устойчивого развития», — подчеркнул один из спикеров мероприятия — проректор по стратегическому развитию и цифровизации Актыобинского регионального университета имени К. Жубанова Дастан Хусаинов.

Участница мероприятия, студентка 4 курса Актыобинского регионального университета имени К. Жубанова Колпителеуова Ақбота, поделилась своим мнением:

«Это мероприятие стало для меня очень впечатляющим и познавательным. Я глубже поняла важность ответственного отношения к природе и защиты земельных ресурсов. Такие встречи способствуют формированию активной гражданской позиции», — сказала она.

Ақтөбе облысы әкімдігінің Баспасөз қызметі



таңдап отырған университетке хат жолдап, ол жерде бұл бағдарламаны нәліктен таңдағандығын және ізденіс жолында табандылық танытып, кедергілерге төтеп беретіндігін және зерттеушілік, тұлғалық тұрғыдан едәуір өсетіндіктерін айтады. Шынымен де, ізденіс жолы адамнан табандылықты, қызығушылықты, дербестікті, жауапкершілікті талап етеді. Бұл жолда кездесетін кедергілер болса, адамды шындай түседі. Жалпы бұл бағдарлама-

сына және мектепке дайындығына тікелей әсер етеді. Оның үстіне қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында балалардың тілдік ортасы мен қарым-қатынас тәжірибесі де өзгеруде. Бүгінгі таңда цифрлық контенттің басымдығы, ауызша қарым-қатынастың, балаларға күнделікті кітап оқу мен ертегі айтудың азаюы және пассивті ақпарат қабылдау балалардың жалпы сөйлеу мәдениетіне, мәтінді түсінуіне және ойын жүйелі жеткізуіне теріс ықпалын тигізуде.

тұрғыда біз, оқытушылар қауымы, білім алушыларға ғылыми зерттеудің маңызын, оның кәсіби дамудағы, академиялық және практикалық қызметтегі рөлін түсіндіруге ерекше мән береміз. Ғылыммен айналысу – тек теориялық білімді меңгеру емес, нақты мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешуге ұмтылу, маңызды мәселелерді шешу және қоғам игілігі үшін қызмет ету. Қазіргі білім алушы ғылымға қызығуы үшін, ең алдымен, сыни ойлау, ақпаратты талдау және салыстыру, ғылыми дереккөздермен сауатты жұмыс істеу, академиялық жазу және зерттеу нәтижелерін дәлелді түрде ұсыну, сонымен қатар, дербес ізденіс, жауапкершілік, табандылық және ғылыми этика қағидаларын сақтауы қажет деп ойлаймын.

Өзіңізге қиын сәттерде күш беретін өмірлік қағидаңыз бар ма?

Уақытша кедергілердің дамудың ажырамас бөлігі екенін түсіну адамды ішкі үйлесім мен сабырлыққа жетелейді. Кез келген өткініш қиындық — өмірлік тәжірибені байытып, рухани, тұлғалық әрі кәсіби өсуге жол ашатын мүмкіндік. Кедергілерді еңсеріп жеткен жеңістің демі әрдайым тәтті болары анық. Мақсат айқын, ниет түзу болса, кез келген қиындықты жеңуге болады деп сенемін.

Ғылыми кеңесшілерімнің бірі, доктор Мтика: «Пессимист үшін стакан жартылай бос, ал оптимист үшін ол жартылай толы», — деп айтатын. Бұл пікір адамның өмірге деген көзқарасы оның ішкі жай-күйіне, қабылдайтын шешімдеріне және күтілетін нәтижесіне тікелей әсер ететінін аңғартады. Дегенмен, бұл сауалға өмірлік тәжірибесі мол жандар әлдеқайда терең әрі мазмұнды жауап бере алады деп ойлаймын.

Ғылым жолын таңдауға әлі де күмәнмен қарайтын жас қыз-келіншектерге қандай кеңес берер едіңіз?

Қазақта «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген нақыл бар. Егер ғылыммен айналысуға шынайы ниет болса, шешім қабылдап, белді бекем буып, ізденіс жолына бағытталса, қажетті нәтижеге жетуге күмән болмайды. Күмән мен қорқыныш – табиғи нәрсе, адам болған соң жаңа бастамаларға, өмірдегі өзгерістерге, жайлылық зонасынан шығуға күмәнмен, кейде қорқыныспен қарауымыз мүмкін... Алайда ол сезімдер мақсаттан бас тартуға себепкер болмауы тиіс. Ертең өкініп қалмау үшін бүгін нақты мақсат қойып, өз болашағыңызға жауапкершілікпен қараған жөн. Сонымен қатар ғылымды тек ғылыми дәреже алу немесе мансап құралы ретінде қабылдау оның тереңдігін жіті түсінбеу дер едім. Ғылыми қызмет – бұл ең алдымен қоғам игілігіне қызмет ету, білім мен ғылым, ізденіс арқылы құндылық қалыптастыру және келер ұрпаққа үлгі болу. Осы жауапкершілікті терең сезінген адам үшін ғылым жолы әрдайым мағыналы әрі нәтижелі болады деп ойлаймын. Ғылым жолына қадам басқалы отырған нәзік жандыларға шын жүректен сәттілік тілеймін!

Өңгімеңізге рақмет! Сәттілік тілеймін!

Сұхбаттасқан: Жадыра Арен



дан кейін тұлға білім мен білік жинап қана қоймай, зерттеу жүргізу дағдыларын дамыта түседі. Академиялық ортаның өзі тұлғаның өсеюіне өзіндік үлесін қосады дер едім. Менің ғылыми кеңесшілерім – доктор Дин Робсон мен доктор Питер Митиканың, докторантура бағдарламасына жауапты ішкі сарапшы доктор Дэвид Джонстон және тағы да басқа ғалымдардың менің ізденіс көкжиегімнің едәуір кеңеюіне, зерттеушілік дағдыларымның шыңдалуына айтарлықтай үлестерін қосты. Профессор Д. Робсонның өз докторанттарына «өмірде тепе-теңдік (баланс) сақтау маңызды» деген тұжырымды пікірі де зерттеушілерге құнды болды десем, артық етпес. Әртүрлі университеттер қабырғаларында өткен конференциялар мен семинарлар да кәсіби өсуге бағыт сілтеді, ғылыми қауымдастықпен пікір алмасуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мен үшін маңызды фактордың бірі – ол әлемнің түкпір-түкпірінен келген әріптестеріммен берік достық қарым-қатынастың орнауы деп білемін. Бүгінде бірге докторантурада оқыған әріптес достармен әрдайым байланыстамыз.

Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда мектепке дейінгі балалардың сауаттылық дағдыларын дамыту нәліктен өзекті болып отыр?

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі балалардың сауаттылық дағдыларын дамыту ерекше өзекті екендігі сөзсіз. Өздеріңіз білесіздер, бұл кезең баланың тілдік, танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуының іргетасы қаланатын кезең. Ерте жаста қалыптасқан тыңдау, сөйлеу, дыбысты ажырату, сөздік қорды меңгеру сияқты бастапқы сауаттылық дағдылары баланың кейінгі оқу жетістіктеріне, оқу мотивация-

Сонымен қатар, балаларда сөйлеу тілінің кешеуілдеп шығуы да тілдік дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлу қажеттігін айқындайды. Осы себепті мектепке дейінгі кезеңде сауаттылық дағдыларды мақсатты түрде дамыту олардың мектепте тез бейімделіп, материалды тезірек меңгеруіне мүмкіндік береді.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда қандай қағидаларды басшылыққа аласыз? Қазіргі студент ғылымға бет бұру үшін ең алдымен қандай дағдыларды дамытуы тиіс деп ойлайсыз?

Білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда негізгі қағидаларды басшылыққа алу маңызды деген пікірдемін. Ең алдымен, білім алушыларды дәріс және практикалық сабақтар барысында соңғы жылдары жарияланған ғылыми мақалалармен, ғылымдағы өзекті жаңалықтармен, заманауи зерттеу нәтижелерімен және қызықты ғылыми деректермен жүйелі түрде таныстырып отыру қажет. Бұл студенттердің ғылымға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ғылыми ойлаудың қазіргі бағыттарын түсінуіне мүмкіндік береді, сыни ойлауын шыңдай түседі. Сонымен қатар, теориялық білімді әрдайым тәжірибемен ұштастыру, нақты зерттеу мысалдарын талдау және шағын ғылыми тапсырмалар орындау арқылы білім алушылардың зерттеушілік әлеуетін дамытуға болады. Жалпы дәрістің мазмұнды, интерактивті және студент үшін танымдық тұрғыдан тартымды болуы жеке мен үшін басты ұстанымдардың бірі. Зерттеу жүргізу – бұл тек құрделі ғана емес, сонымен бірге шығармашылықты, ізденісті талап ететін қызықты үдеріс. Осы

☑ Ұстаз тағымымы

Ғылымға құрмет



Гүлмира Кушкарлова 1966 жылғы 27 қаңтарда Ақтөбе облысы Қобда ауданында қызметшілер отбасында дүниеге келген. 1983 жылы Исатай ауданына қарасты Михайловка орта мектебін үздік бітіріп, 1984 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының шетел тілдері факультетіне «Неміс және ағылшын тілдері мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түсті. 1989 жылы жоғары оқу орнын үздік тәмамдап, «Неміс тілі» кафедрасында оқытушылық қызметін бастады.

Еңбек жолындағы белсенділігімен көзге түскен ол 1987–1990 жылдары Ақтөбе қалалық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болды.

1990–1994 жылдары Алматы қаласындағы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің аспирантурасында білім алып, оны аяқтаған соң Ақтөбе педагогикалық институтының «Неміс тілі» кафедрасында қызметін жалғастырды.

1995–2000 жылдары «Дүние» жоғары оқу орнында шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы, кейін шетел тілдері факультетінің деканы қызметін атқарды.

1999 жылы «Герман тілдері» мамандығы бойынша «Неміс көркем мәніндегі төл сөзді енгізетін етістіктердің коммуникативтік-прагматикалық функциялары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

2000–2008 және 2011–2014 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің шетел тілдері факультетінің деканы болып еңбек етті. 2014 жылдан бері «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасының доценті қызметін атқарып келеді.

2011 жылы «Тіл білімі» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

Ғалым 2011 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», ал 2024 жылы «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталды.



Гүлмира Кушкарлова – лингвистика, аударматану және шетел тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері бойынша қазақ, орыс, неміс және ағылшын тілдерінде жарық көрген 140-тан астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Олардың қатарында 1 монография, 2 оқу құралы, 10 оқу-әдістемелік құрал, Scopus базасына енген мақалалар мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты журналдардағы жарияланымдар бар. Бірқатар оқу-әдістемелік құралдарына авторлық куәліктер алған. Студенттердің дипломдық жұмыстарына, магистранттар мен докторанттардың диссертацияларына ғылыми жетекшілік етеді.

Ғалым халықаралық жобаларға да белсене қатысқан. 2004 жылы Германия Федеративтік Республикасында өткен «Еуропалық–исламдық мәдени диалог» халықаралық семинар-жобасына, 2013–2014 жылдары Гёте-институттың «Неміс тілін ерте оқыту» халықаралық жобасына қатысып, үйлестіруші болды.

Гёте-институттың стипендиаты ретінде Германия, Австрия, Швейцария, Беларусь елдерінде және Мюнхен мен

Шетел тілдері факультеті Кеңесінің кеңейтілген отырысында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ұжымы филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері Гүлмира Кушкаррованы 60 жас мерейтойымен салтанатты түрде құттықтады.

Мерейтойлық іс-шараға факультет ардагерлері, түлектер, профессор-оқытушылар құрамы, әріптестері мен ғалымның шәкірттері қатысты.

Берлин қалаларында біліктілігін арттырды. Британдық Кеңестің семинарларына қатысып, Кембридж университетінің ТКТ сертификаттарына ие.

2002–2008 жылдары Ақтөбе облысы неміс тілі мұғалімдері қауымдастығының президенті, №11 неміс тілін тереңдетіп оқытатын мектептің ғылыми кеңесшісі болды. «Ақтөбе–Дарын» орталығымен ұзақ жылдар бойы ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді. Неміс тілі пәні бойынша республикалық олимпиадалардың қалалық және облыстық кезеңдерінде қазылар алқасының мүшесі әрі төрағасы ретінде қызмет атқарды.

2003–2013 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарын аттестаттау комиссияларының құрамында жұмыс істеді. ҚР БҒМ «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының сарапшысы, 2019 жылдан бастап ARQA аккредиттеу агенттігінің, ал 2024 жылдан бері Қырғызстандағы «EdNet» агенттігінің халықаралық сарапшысы.



Ұстаздық пен ғылымды ұштастырған тұлға

Отандық білім мен ғылым саласының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан білікті ғалым, тәжірибелі ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Кушкарова Гүлмира Кеңесқызы 60 жасқа толып отыр.

Ғылымға адалдық, ұстаздыққа жауапкершілік және үздіксіз ізденіс – Кушкарова Гүлмира Кеңесқызының өмірлік ұстанымы.

Саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған білікті ұстаз бүгінгі таңда да жас ұрпақты тәрбиелеу мен ғылыми кадрлар даярлау ісінде табысты еңбек етіп келеді.

1966 жылы Ақтөбе облысының қасиетті Қобда топырағында дүниеге келген ол жастайынан білімге құштар болып өсті. Мектепті үздік тәмамдап, шетел тілдерін терең меңгеруге деген ынтасы оны Ақтөбе педагогикалық институтының шетел тілдері факультетіне алып келді. Студенттік жылдарынан-ақ өзінің алғырлығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленген Гүлмира Кеңесқызы оқу орнын үздік бітіріп, сол жерде ұстаздық қызметін бастады.

Жас оқытушының ғылымға деген қызығушылығы оны Алматыдағы Абылай хан атындағы университеттің аспирантурасына жетелейді. Неміс тілі білімінің күрделі мәселелерін зерттей отырып, 1999 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Оның ғылыми еңбегі тілдің коммуникативтік-прагматикалық қырларын терең талдаумен ерекшеленді.

Гүлмира Кеңесқызын 2003 жылы шетел тілдері факультетінің деканы қызметін атқарған уақыттан бастап танып-біліп, тәлім-тәрбиесін көріп келе жатырмын. Сол кезеңдерде ол менің байқауларға қатысуыма ұйытқы болып, әрдайым бағыт-бағдар беріп отырды. Әр шәкіртінің бойынан дарынын байқап, соны ұштауға, биік мақсатқа жетелеуге ерекше көңіл бөледі.

Ол тек дәріс оқып қана қоймай, оқу үдерісін басқару ісінде де өзін шебер



ұйымдастырушы ретінде танытты. Әр жылдары факультет деканы қызметін абыроймен атқарып, білім сапасын арттыруға, халықаралық байланыстарды нығайтуға зор үлес қосты.



Қазіргі таңда докторанттар мен магистранттарға білім беріп ғылым жолында шәкірттер тәрбиелеуде.

Халықаралық тәжірибе алмасу – оның кәсіби дамуының маңызды бөлігі. Германияның Бонн, Берлин, Мюнхен қа-

лаларында, Австрия мен Швейцарияда, Беларусь елінде біліктілігін жетілдіріп, Гёте-Институт жобаларын үйлестірді.

«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері атануы – көп жылғы қажырлы еңбектің лайықты бағасы.

Ұстаздық пен ғылымды қатар алып жүрген Гүлмира Кеңесқызы – өз ісіне адал, талапшыл әрі ізденімпаз тұлға. Оның өмір жолы – білімге қызмет етудің, кәсіби биікті бағындырудың жарқын үлгісі.



Кушкарова Гүлмира Кеңесқызы педагогикалық қызметі ғылымның дамуы мен өркендеуіндегі баға жетпес қазына деп санаймын. Ұстазды мерейлі 60 жасымен құттықтап, ұзақ өмір, мықты денсаулық тілеймін!

Э.Т.Буранкулова
«Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасының
меңгерушісі, аға оқытушы, PhD

